

Д. ЖАҚАН

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ ДӘСТҮРІ

Кемеліне келіп көркейген қазіргі қазақ әдебиетінің даму, қалыптасуының өн бойында үзілмей келе жатқан үрдіс – халық қазынасы фольклормен байланысы. Екі түрлі эстетикалық танымның өзара өзектес сабактастыры түрлі сипатта танылатын күрделі құбылыс. Оны әр түрлі жанрға катысты әр түрлі дәрежеде әнгіме етуге болады. Біздің максатымыз – көне замандардан келе жатқан адам баласының Өмір мен Өлім жайлар танымтусініктерінің қазіргі қазақ поэзиясындағы көрінісінің кейбір мәселелерін ғана сез ету.

Әдебиет пен фольклордың ара байланысын жанжакты зерделеп, оның тарихындағы 4 типтің айқындаған (генетикалық, оппозициялық, үндестік, кері байланыс) ғалым С.А.Қасқабасов [1] пікірінше, генетикалық негізін фольклордан тарқататын жазба әдебиеті өсіп-өркендей отырып фольклорды пайдаланудың да сан түрлі сатысын басынан кешіреді.

Әдебиеттің марқайып, толысқан тұсындағы фольклормен сабактастыры да салалынып, түрле-ніп, өзгеше бір сипатқа, мәнге ие болады.

Адам баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмір ағысындағы әр түрлі көnlіл-күй әуендері лирикалық өлеңдер мазмұнын құрайды. Ал тіршілік тынысы токтап, бақыға аттанған Адамға катысты сезім күйлерінің сипаты өзгелерден ерек. Өлім оқиғасы ақынның нәзік жүргегіне салмақ түсіріп, жан әлемінің түкпіріндегі ешбір занқағидаға бағынбайтын сезім иірімдерін өлең өрнегіне түсіруге себеп болады. «Өлеңді сез патшасы» – деп ұғатын өресі биік ақындардың жанының жабырқау сөтін өлең өрнегіне түсіруге аса жауапкершілікпен қарайтындығы байkalады.

Қолыма қалам алсам, ұғады ішім  
Үстінде қыл көпірдің тұрганымды, –

деп Алмас Теміrbай ақын айтқандай, «тілге женіл, жүрекке жылы тиетін» өлең жазу екінің бірінің нессібіне жазылмаған. Ал адам өмірінің ауыр кезенін суреттеу жауапкершілігі одан да құштірек. Бұл тұрғыда қазіргі жас ақындарымыздың сезім саптасынан ой-сана түкпіріндегі халықтың нағым мен дәстүрдің негізіне сүйенетіндігі айқын аңғарылады.

Құлазыған көnlіл-күйден шығарлық жол іздеу, көnlіл жұбатарлық таяныш табу тұрғысында «Өлім де Өмірдің өзгеше бір түрі» дейтін көнеден келе жатқан ұғымды ой қазық ету бірқатар ақындарға тән.

Ақын Ержан Алаштуған [2]:

Басынан кетер нұр-қыдыр,

Күйтпесе қайғы мұнды құл  
Сүю де, сірә, бір ғұмыр,  
Олу де, сірә, бір ғұмыр

десе, Маралтай ақын:

Әргімен бергі өмірдің  
Арасы белінбеген  
Тел емген еркесімін  
Өмір мен өлімді мен [3], –

дейді.

Жерлеу салтына катысты өлеңдердің ішіндегі «зират басында айтылған жыр» түрі жайлар ал-ғаш пікір білдірген ғалым Ш. Уәлиханов [4]. Ол мұнның исламнан бұрынғы нағым-сенімдермен байланысты екендігін ескертеді. Қабір басында айтылған ойларға мазмұндас жазылған Маралтай ақынның өлең өрнектері ерекше көnlіл аудартады. Ақын «Зират басындағы жыр» өлеңінде ана зиратының басында туған ой сезімін ана рухымен сырласу арқылы бере отырып, жалпы өмір жайлар ой толғайды, ішкі шерін тарқатады, жан түкпіріндегі ой ағынын аңғартады.

Жүр, апа, үйге қайтайық,  
Бұл базар мені шаршатты.  
Сүйсөніз мейір қанатын немереніз бар – қанатым!  
Ішуді қойғам,  
(коймасам, онбайтын болдым – сорлайтын),  
Аллаға сенем... Өзім... кімім бар басқа қолдайтын.

Өмірдегі ең аялулы жанына мұн шағуы арқылы ақынның өз тұлғасы, ішкі жан қалтарыстары ашылады. Өмірінің қүнгейі мен көленкесі қатар қамтылып өмірге, айналасына қарым-қатынасы бедерленеді.

Өлеңде көркемдік деңгейге жеткен мұншер өлеңдерінің композициялық құрылымына тән зан-дылықтар толық сақталады. Рухпен сырласудың өлең өзегіндегі мұн шағу сипатындағы көркемдік амал ретіндегі мәнін айқындастырын өлең түйіні байлашша аяқталады.

Құрысын бәрі!  
Батқаны –  
Анамның үнсіз жатқаны.

Маралтай ақынның «Құлпытас» өлеңінде қыршын жасында өмірден өткен балғын қыздың құлпытастағы құліп тұрған қызы бейнесінен байланысты туған ой-сезімі кестеленген:

Е, Әдилә, айналайын Әдилә!  
Қапелімде шыға келіп нұрдан сіз –  
Мұндана алмас мисыздарды мұнданғыз.  
Қара түсті қалампирды құшақтап,  
Құлпытастан құліп қарап тұрған қыз.

Тұнғиық ойға шому, қамығу, жабырқау хал қүйлерін сипаттайтын элегиялық сарындағы лирикалық өлеңдердегі сезім сипаты да әрқылы. Мұндай

көніл-күй ауанын тудыратын себептер көп. Ал оның ең ауыры – өлім оқиғасы. Ол кімнің дуниеден кеткеніне, оның ақын өмірінде қашалықты орыны болғандығына байланысты түрліше мән иеленеді.

Маралтай «Құзгі палитра» атты өлеңінде:

Дос көп еді,  
Өлді бәрі тым ерте,  
Күндер жетті жетегіне мұң ерте.  
Тұндерім тұр – сұры қашып сұрланып  
Гүлдерім тұр – қабактарын тұнерте.  
Қайты жауып қоңылінің кемерін,  
Тәнін реп үйлдейді нелер үн –  
Тұңғыш сезідім сәбідей-ақ түбінде,  
Ажалдың бір төнерін, –

дай отырып, ең жақын достарынан айрылып, өзін өмірде жападан-жалғыз қалғандай сезінген көніл-күйін шегіне жеткізе суреттейді, сол арқылы жұмыр басты пендеге тән өлімнің хактығын адам баласының есіне тағы бір салып өтеді.

Еліне елеулі тұлғалар дуниеден еткенде оның ет-жақын туыстары ғана емес дүйім жұрт болып қайғыру, аза тұту – қазак халқының табиғатына тән ежелден келе жатқан салт. Күні бүгінде де бұл салт өзгеше жаңғырмаса үзілген жоқ. Өзінің ой-сезімінде орны бар тұлғалардың мезгілсіз өлімі, ақын жүргегін шерге толтырып, жан күй-зелісін күшеттіп, тығырыққа тірейді. Бірақ шын ақын үшін бұдан шығатын бірақ жол бар. Ол – осы аласапыран сезімді өлең өріміне түсіру.

Елдің аяулы әншісі Жәнібек Көрменов қайтыс болғандағы Ж.Көрменовке деген өлеңінде Маралтай билайша ой толғайды:

Табысып топырақпен салқын денең,  
«Ань» үршіп, аласүршіп, алқынды өлең.  
Әуеге әнің сінді «жан шақыртар»,  
Хан шақырса бармайтын қалпынменен.

Ақынның бұл толғанысында көнілдің құсалы қалпын жырлай отырып, зар-мұнды көркемдік әдіске айналдыру басым. Бір ғана шумакта аяулы әншінің дара тұлғасы мен мінезінен мол хабардар етіледі. Әнші образы «бекзат әннің жаңұты», «текті өнердің тарпан ұлы» дейтін тың баламалармен мадақталады.

Дәстүрлі жоқтау жырларының композициялық құрылымындағы тоқтам, тәубә сарыны қайты мұндан шығатын жол іздетіп, тіршілік тиянағын та-буға негізделген. Жәнібектей қайталанбас тұлғаның өнер үрдісін үзбейтін үрпағы бар екенін көнілге демеу ету арқылы ақын қайғышерін шідерлейді.

Жаққандай сәүлесі өшкен қайта күнді,  
Есті әнмен байытуға байтагынды.  
Кеуденен «қош» деп үшқан көкала үйрек,  
Қанында Бекболаттың қайта туды.

Бір атап өтерлік жайт, осы мазмұндас өлең-

дерінде ақын бірде жазба әдебиеті дәстүрін пайдаланса, енді бірде жыраулық дәстүрде ой өр-біtedі.

Өмірден ерте озған, әрнегі өзгеше ақын Ба-уыржан Үсеновке арналған «Қазанама» жырында жоктауға тән қайты сезімін терең толғау, кейіпкер образын сомдау, арман-өкініш, үміт толық көрініс табады.

Сұм ажал адырнасынан кімдерді байлап атпаган,  
Қорамсақ толы сұр жебе кімдерге алі сақтаган?  
Жақсы адам өтес өмірден жақсының жанын езеді-ау,  
Ақ наиза толғап қомдана орданы бұзар кезі еді-ау!

Әлі талай «акқанат жырлар туылып, балдағы асыл семсер жыр туар еді-ау» деген өкінішін өлең-мен өреді.

Жатсың ба жайлы, жас аруақ, бүлкілдеп бейбіт беткейде,  
Қырандар көзін жұмғанша, құзғындар қыршын кептей ме! –  
деп, тұспалды ой образын түйіндейді.

Қасірет-қайғының кат-қабат келуі адам табиғаты үшін ең ауыр соққы. Осы жайтты басынан кешірген ақынның жан күйзелісі «Қызыл өлең» атты өлеңінде айқын бейнеленген. Шағын ғана өлеңде бір отбасының қайғылы хал-күйінің суреті танылады. Қапелімде ағасынан айрылған жанның женгесінің қас-қабағын бағып көніл-күйін бедерлейтін өлең жолдары ақынның жан әлемінен хабардар етеді. Ұл қайғысын көтере алмай дұниеден көшкен әкесі жайлы ақын:

Уш жылдан соң әкем жатты оң жақта  
Кара ұлымға қамқор болып жүрем деп, –  
дәстүрлі «о дүние туралы ұғым» дәңгейінде ой қорытады да әр қарай:

Алам сосын қара күйіп қамырып  
Кара ұлы мен шалын ойлап зарырып.  
Жоқтау айттып отырушы еді, оны да  
Кара дауыл қағып кетті қағынып, –  
дейді.

Өміріндегі ең аяулыларынан айрылған адамның хал-күйін айтарға сөз жетпес. Ал табиғатынан талант берген Жаратушы құдіретінің күэсі – ақын бұл тығырықтан да таяныш табады. «Өлтеннің артынан өлмек жоқ» дейтін халық даналығын, өз басындағы жайтпен астарластырып бір ауыз сөзге сыйғызады.

Тоқтата алмай жосын келген ажалды,  
Жіңішкерді, жүйкем менің камалды.  
Кетем деп ем, кете алмадым қимадым,  
Кия алмадым тірлік дейтін тажалды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы «екі дүние» – «пәни» мен «бақи» ұғымдары көне түсініктемен астасып жатады.

Мәселен:  
Алмас Теміrbай ақын:

Бір күн бакыға да бет түзермін,  
Ажалдың ісін екі өткізер кім?

Алланың аманаты – Ақындықты  
Арулап, арыма орап жеткізермін десе, –

Маралтай:

Алыстарлық алыс жаққа құпия,  
Жасыл жүлдyz жанарынды жасаураат.  
Қайтып келіп, қайтып көрү не ғайбыл,  
Сенде өтіп ед аз ғана күн, масау сәт, –

дейді.

Жоктау дәстүрін бүгінгі қазақ поэзиясында түрленткен белгілі ақын Зайда Елғондиновың шығармашылығы өз алдына бөлек әңгіме еншісі. Ақынның желтоқсан құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамбетжановаларды аналарының атынан жоктауы халықтық дәстүрдің өміршендігін көрсетіп қана қоймай, жанрдың заманының, әлеуметтің зарын айтудағы көркемдік қызыметтің жаңаша жаңғырығын танытады. Зайда ақынның жары ақиық ақын Жұматай Жақыпбаевқа арналған жоктау өлеңдерінің сипаты аса көніл аударуды қажет етеді. Көне жарын жоқтау, жар рухымен сырласу (өлі мен тірінің айтисы)

сияқты дәстүрлерді ақын тың түрғыдан түлеткен. Қысқасы, бұл айтылған жайттардың бәрі сөз құдіретін ерекше бағалаған қазақ халқының қайғысын да өлеңмен өрнектей білген ерекше болмысын танытатын белгілер.

ӘДЕБИЕТ

1. *Касқабасов С.А.* О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. 1984. № 3.
2. *Алаштуған Е.* Тақсыр күн. Алматы: Жазушы, 2001. 27 б.
3. *Райымбергенұлы М. Ай.* Алматы, 2006.
4. *Ұәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1985. 1-т.
5. *Елғондина 3.* Мұнар мен гүл. Алматы: Жазушы, 1994.